

18.09.2024ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» туралы
2. 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз- Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы;
3. Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу дайындық жұмыстары;
4. 25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талдау;
- 5.Бастапқы мониторинг. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.

1.Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды.

2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сай балабақшада «Жаңа оқу жылына дайындық» шолу тексеру жүргізілді. Тексеру барысында балабақшаның, топтардың тазалығы, құрал-жабдықтары, балалардың жатын орындары, тәрбие жұмысына керекті заттары, ыдыс-аяқтар, олардың саны, ойыншықтар, бөлменің жабдықталуына көңіл бөлген. Топтарда гүлдер көп. Жазғы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, топтар өз деңгейінде жабдықталды. Мейірбике А.Аман балаларға арналған алғашқы көмек көрсету құралдарының дайын екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес күн тәртібі, Үлгілілік оқу бағдарламасына сай ҰІӨ түзілген. Биылғы стандарттың ерекшелігі күн тәртібі сол алдыңғыдай қалады, ұйымдастырылған оқу қызметі емес ұйымдастырылған іс әрекеті болып өзгертілді. Уақыт шектеусіз. Барлық іс әрекет ойын түрінде кіріктіріліп жүргізілетіндігін айтып өтті.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз- Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы әдіскер М.Ахмедиева сөз алды.

2024 жылғы 28 тамыздағы №39 н-қ бұйрығына сәйкес мерекелік іс-шаралардың жоспары бекітілген. Осы бекітілген жоспар бойынша тәрбиешілер ҰІӨ, іс-шара өткізді. Ересек «Балбөбек» топтары «Ата заңым ардағым» тақырыбында іс-шара өткізді. Балаларға конституция туралы түсінік берілді. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақ айтты. Ортаңғы «Балбөбек», «Ақбота» ересек топтарында ҰІӨ өткізді. Балалар тақпақтарын айтып, сұрақтарға жауап берді.

«Білім күніне» орай ортаңғы және ересек топтарда ҰІӨ өтті.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Балабақша жайлы мекен» тақырыбында барлық топ балабақша аумағына экскурсия жүргізілді.

Балаларға Білім күні туралы түсінік берілді. Сұрақ-жауап әдісі арқылы балалардың білімдері қорытындыланды.

Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева Конституция күнінің іс-шарасы орташа деңгейде өткендігін, дайындық аз екенін, балалар тақпақтарын ұмытып қалғандығын айтты. Материал аз. Осыдан кейінгі іс-шараларға жауапкершілікпен қарап, жақсылап дайындалып өткізулерін айтты.

3.Тыңдалды: Келесі мәселе жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева айтып өтті.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы мүмкіндігі т.б. тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Алдымен биылғы оқу жылының ата-аналар комитетін сайлап алу, қажет. Әдіскерге ата-аналарды балабақшаның жылдық жоспары және оның мақсат-міндеттерімен таныстыруды, мейірбике А.Аман балабақша ас мәзірі мен дене шынықтыру шаралары туралы баяндама дайындауды тапсырды.

«Зорлық зомбылық қоғам» тақырыбында презентация дайындап, әңгіме жүргізу керектігінде айтып өтті.

Сөз алғандар: мейірбике А.Аман бізді жылда ата-аналарды балабақшаас мәзірі мен шынықтыру шараларымен таныстырамыз. Ата-аналарбалалардың тамақтану сапасы, мен ас мәзіріне көңілдері толады. Өз ризашылықтарын білдіреді. Көптеген балабақшалармен салыстырып, біздің мәзірімізді ұнатып, балаларды құнарлы әрі пайдалы тамақтандырады деп бізге алып келеді.

4.Тыңдалды: 25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талқылау туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды. «Республика күні» мен «Алтын күз» мерекелерінің сценарийлері жазылып, бекітілсін. Тақырыпқа сай ән, би, тақпақтар жаттатып дайындық жұмыстары жүргізілсін. Балалардың бойында мерекелік көңіл-күй тудыратындай, ата-аналардың көңілінен шығатындай етіп ұйымдастыру керектігін айтып өтті.

5.Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторинг туралы әдіскер Н.Тотанова айтып өтті.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг міндеттері, МДҰ білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, МДҰ ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

-Ұйымдастырылған іс әрекет барысының мазмұнын;

13.09.2024ж.

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылдың 2-қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды. Ол кісі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 1-қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауы туралы балабақша қызметкерлеріне үгіт насихат жасады.

Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Біз "Азамат — бизнес — мемлекет" арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады.

Келесі маңызды мәселе — білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.

Қазақта "Ел боламын десең, бесігіңді түзе" деген сөз бар.

Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек.

Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды.

Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн.

Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет.

Енді мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз.

Саяси реформалар "Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет" формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым — қоғамымыздың мызғымас тұғыры.

Реформалардың мазмұны жан-жақты толық бермек.

Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидасын ұстану аса маңызды.

Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні — осы.

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл — еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.

Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы — берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті.

Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек.

Мемлекетіміздің болашағына тікелей қатысы бар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді.

Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет.

Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек.

Реформалардың қазіргі қарқынын сақтау, саяси мәселелердің бәрін кейінге қалдырмай шешу аса маңызды. Ол үшін алдағы сайлау кезеңдерін тиімді жоспарлау қажет.

Президенттің кезекті сайлауы 2024 жылы, ал Парламент сайлауы 2025 жылы өтуге тиіс екенін баршаңыз білесіздер.

Жаңа стратегияға сәйкес басты мемлекеттік институттарды кешенді түрде қайта жаңғыртуға кірісу қажет деп санаймын.

Бұл қадам бізге әр азаматымыздың әл-ауқатын арттыру және бүкіл елімізді өркендету жолындағы ортақ жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

Билік өзінің жоспарын қоғамнан жасырын ұстайтын саяси дәстүрден арылуымыз керек. Сондықтан, мен бүгін алдағы сайлау науқандарының кестесін барша халыққа жариялағым келеді.

Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын.

Сондай-ақ, мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген байламға келдім.

Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ, қайта сайлануға тыйым салынады.

Бұл бастаманың негізі қандай? Бір жағынан, 7 жыл — кез-келген ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру үшін жеткілікті кезең. Екінші жағынан, Президент мандатын бір мерзіммен шектеу Мемлекет басшысының жалпыұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге барынша жұмылуын қамтамасыз етеді.

Тіршілік тоқтамайды, жаһандық үдерістер мен ел ішіндегі қоғамдық дамудың қарқыны күн өткен сайын артып келеді.

Мен ұсынып отырған конституциялық жаңалық билікті монополизациялау қаупін айтарлықтай азайтады. Дәл осы себепті, мен президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын енгізуді ұсынып отырмын. Біз билікті жасақтаудың және оның қызметін қамтамасыз етудің өркениетті қағидаттарын бекітуге тиіспіз.

Жаңа президенттік жүйе саяси тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық құрылыстың қазақстандық үлгісін орнықтырады. Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын сайлаудан кейін Парламенттің қарауына ұсынамын. Парламент оң шешім қабылдаса, Отанымызда жаңа саяси дәуір басталады.

Шешімі:

1.Қазақстан Республикасының президенті Қасым Жомарт Тоқаев Жолдауын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы



МАхмедиева

Г.Санаева.

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №2

22.11.2024 ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткен іс-шараларды талдау;
3. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс- әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау;
4. Баяндама: «Балабақшада дамыту орталықтарын құру».

1. Тыңдалды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметші қамтамасыз етуде МД жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Сондықтан балалармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жылына 3 рет диагностика жүргізіледі. Қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізіліп диагностика нәтижелері балалардың бақылау парағына енгізілген болатын. Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзеу жұмысын жүргіту үшін педагогикалық процесінің міндеттері мен мазмұнын айқындалады. Барлық топ тәрбиешілері мен сол топта жұмыс жасайтын педагогтар күн тәртібі барысында диагностика нәтижелерінің қорытындысы бойынша түзету жұмыстарын жүргізеді деді.

2. Тыңдалды. Өткен іс-шараларды талдау бойынша балабақша меңгерушісі Г.Ганиева сөз алды.

25 қазан Республика күніне орай ортаңғы және ересек топтарды ҰІӨ өтті. Басты мақсат: балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту “Отан ” туралы түсініктерін кеңейту.

ҰІӨ тәрбиешілері жақсы дайындалған. Бейнероликтер мен суреттер көрсетіп балаларға Республика күні Қазақстан туралы түсінік берді. Балалар тақырыпқа сай тақпақтар айтып әндер орындады.

Және де биылғы оқу жылының жылдық жоспарына сай ересек және ортаңғы топтарда “Қош келдің Алтын күз”тақырыбында мерекелік іс-шаралар өтті. Зал мерекеге сай безендірілген тәрбиешілер мен балалар мерекелік киім киген. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтты. Жалпы ата-аналар жиналсы өтілді.Онда өзекті мәселелер сөз болды.

3. Тыңдалды. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс-шара жоспарын талқылау туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева айтып өтті.

Құрметті әріптестер, алда тағы бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланған. Тәуелсіздік күніне ортаңғы және ересек топтар ашық ҰІӨ мен іс шараларға жауапкершілікпен дайындалыңыздар. Жаңа жылда мерекелік іс- шара өткізесіздер. Биыл ешқандай театр шақырылмай өздеріңіз қойылым

көрсетіп, балаларға әдемі кеш сыйлайсыздар деді.Тәрбиешілер өз жоспарларын ортаға салып, бөлісті. Қажетті түзетулер енгізілді.

Сөз алғандар: кіші тәрбиеші О.Ақшالова өз ойымен бөлісті. Апай, дұрыс айтасыз, жылда бір театр, сайқымазақ келіп улап- шулап кететініміз бар.Биыл өзіміз маскараднй киімдер киіп, түрлі қойылымдар көрсетіп , ерекше етіп өткіземіз деді.

4.Тыңдалды. «Балабақшада дамыту орталықтарын құру».Баяндама тыңдалды.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, жаңа жылдық іс шара жоспарға сай өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы



М.Ахмедиева

Г.Санаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №3

23.01.2025 ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы;
2. Өткен іс-шаралардың қорытындысы туралы;
3. «Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту» бойынша жүргізілген тақырыптық тексерудің қорытындысы туралы
4. 8-наурыз Аналар мерекесі, 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні ертеңгіліктерінің іс-шара жоспарларын талдау.
5. Аралық мониторинг. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.

1.Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі М.Ахмедиева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды.

2.Тыңдалды: Өткен іс-шаралардың қорытындысы туралы балабақша әдіскері М.Ахмедиева айтып өтті. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес Тәуелсіздік күніне орай Ересек «Балбөбек» тобында «Тәуелсіз елдің ұланымыз!» тақырыбында ашық іс-әрекет өтті.

Жаңа жыл қарсаңына орай «Жаңа жыл ғажайыптары» тақырыбында Мад, ересек , орта, кіші топтарында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара өте жоғары деңгейде өтті. Бүлдіршіндердің барлығы мерекелік киімдерде болды. Балалар ән айтып, би биледі. Аяз ата мен Ақшақарға барлық өнерлерін көрсетіп тапқатарын айтты. Аяз ата мен Ақшақар балалардың өнерлеріне тәнті болды. Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке. Бәріміз келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз. Жаңа Жылдың мерекесі жақсы өтті! Жаңа жыл! Бұл күн тіршіліктің барлық иелеріне жаңа үміт, қуаныш, ерекше махаббат сыйлайды. Сол махаббат, қуаныш пен үміт жыл бойы шаңырақта болсын! Мерекелік кештің қуанышқа толы көңілді сәттері жыл бойына әрбір шаңырақта сақталсын! Ескі жыл есіркеп, Жаңа жыл жарылқасын!

3.Тыңдалды: «Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту» бойынша жүргізілген тақырыптық тексерудің қорытындысы туралы балабақшаның әдіскері М.Ахмедиева сөз алды. Шығармашылық дағды бойынша балабақшаның барлық топтарында сурет салу, ермексазбен жұмыс жасау үшін жағдайлар жасақталған. Тәрбиешілердің баланың шығармашылық қабілетін дамытуда қолданатын тәсілдерінің бірі ән, би өнерлеріне баулу. «Балдырған» тобының тәрбиешісі А.Ускенбаева балалардың саусақ моторикасын дамыту мақсатында түрлі қолөнер бұйымдарын жасады.

«Балбөбек» тобының тәрбиешісі Т.Сапарбекова балалармен рөлдік ойындар ойнатты, тағы бір тиімді тәсілі- ол жұмбақтар, мақал мәтелдер, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы дыбыстарды бекітті. Бұл тәсіл оқу іс әрекеттерінде ғана емес оқудан тыс уақыттарда және балабақшаішілік сайыстарда да көптеп қолданылуда. Жоғары топ тәрбиешілері балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында әртүрлі заттарды, соның ішінде асықтарды көптеп пайдаланады. Мысалы: Кім көп жауап берсе, сол көп асық жинайды. Соңында көп асық жинаған бала жеңімпаз атанады. Ортаңғы «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Т.Сапарбекова сахна ойындарын қолданды. Оның барысында қажетті дыбыстарға байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылды, бір кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталады. Халықтың асыл қазынасымен сәбилерді сусындату, ертегілерді пайдалану арқылы жүзеге асыруда. Ертегі мазмұнына сәйкес кейіпкерлерге, яғни рөлдерге бөліп драматизациялау, қуыршақ, көлеңке, үстел үсті, саусақ театрлары Р.Әбдуәлі оқу іс -әрекетінде балалардың асыға күтетін нәрсесі болып табылады. Бұл жұмысы арқылы тәрбиеші сәбилердің байланыстырып сөйлеуін дамытып, сөз қорын молайтып, артистік қабілетін жоғарылатуда. Ортаңғы топ тәрбиешісі Г.Шылғаубаева – ол көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдатты. Бұл тұрғыда да жұмыс барысында теледидар, магнитофон, интербелсенді тақтаны пайдалану арқылы нәтижеге жетуде.

Кіші топ тәрбиешісі О.Ақшالова 2 жастағы сәбилер үшін ең тиімді тәсіл саусақ ойынын пайдалануда. Саусақ ойыны – саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең, тақпақ шумақын сахналау болып табылады. Тәрбиешілер саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамытып, ынтасын арттырып және шығармашылық әрекетіне жол ашып отыр. Саусақ ойынын ойната отырып, балаларға қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелеп көрсетті. Саусақтарының қозғалыс -қимылына қарап, бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есіне сақтауға тырысады. Барлық топ тәрбиешілері аталған барлық әдіс тәсілдерді қолдана отырып, баланың тілін дамытуға, шығармашылық қабілетін дамытуға, байланыстырып сөйлеуге, сөз қорының молаюына, сурет салуғы, еңбекке баулуға үйретуде.

4. Тыңдалды: 8-наурыз « Аналар мерекесі», 22-наурыз «Ұлыстың ұлы күні» ертеңгіліктерінің іс-шара жоспарларын талдау туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды. Ол өз сөзінде алда келе жатқан мерекелерге тиісті деңгейде дайындық жұмыстары жүргізілуі керек екенін ескертті. Жылдағыдай жоспарлы түрде ата-аналардың қатысуын қамтамасыз етіңіздер деді.

5. Тыңдалды: Аралық мониторинг. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша балалардың білім-білік деңгейін анықтау индикаторын пайдалана отырып, жүргізілген тексеру барысында топтардың ортақ балы шығарылды.

Тексеру барысында анықталғандай балалардың білім-білік деңгейі жылдың басындағы көрсеткіштен едәуір көтерілген. Тәрбиешілердің балалармен бірлесе атқарған жұмысының көрсеткіші. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті күнделікті жоспарға сай өтіліп, балалардың білім деңгейі күнделікті талапқа сай бағаланып отырады. Жалпы тексеру барысында анықталғаны «Бақылау парағы» балалардың белгілі жас тобында игерген бағдарламалық материал мәліметтерін қамтыған. Педагог алынған мәлімет негізінде «Бақылау парағында» Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруде білім, білік және дағдыларды теңестіру үшін қосымша жұмыс жүргізуді қажет ететін балаларды анықтайды, ал баланың жеке даму картасында баламен одан әрі түзету жұмысын жоспарлайды және міндеттерді анықтайды.

Баланың жеке даму картасын топ тәрбиешісі толтырады және ол баланың мектепке дейінгі ұйымда болатын барлық уақытына жүргізіледі.

Ұйымдастырылған іс- әрекеті барысында қажетті көрнекі құралдармен жұмыс жасалып, балалардың ынта-белсенділігін көтеруіне септігін тигізуде. Күннің екінші жартысында балалардың шығармашылық қабілетін дамытатын, ой-өрісін кеңейтетін тапсырмалар беріп, өз бетінше жұмыс жасауға баулыған.

Шешімі:

1. Аралық мониторинг нәтижелері бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін.
2. 8- наурыз, Әз-Наурыз мерекелерінің жоспары түзіліп, бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы



М.Ахмедиева

Г.Санаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №4

26.03.2024 ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы;
- 2.Топ бөлмелерін балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы;
- 3.Өткен іс-шаралардың қорытындыс;
- 4.Серуен кезіндегі түрлі ойын әрекеттерінің ұйымдастырылуы салыстыру тексерудің қорытындысы;
- 5.1-мамыр Бірлік күні,7-мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр Жеңіс күнінің іс-шара жоспарларын талқылау.

1.Тыңдалды: Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева айтып өтті. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Баланың біліктері мен дағдыларының даму көрсеткішін білу үшін мониторинг жүргізіледі. Мониторинг –баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетудің қажет ететін ерекшеліктерін шешуге , өзара әрекет ету тәртібін өзгермеуге , педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдасатырылған жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Жүргізілген апталық мониторинг нәтижелері бойынша түзету, дамыту жұмыстары тиісті деңгейде жүргізіліп жатыр. Қорытынды мониторингте жақсы нәтижелерге қол жеткізесіздер деген үміттеміз. Сөйлегендер:тәрбиеші Г.Шылғаубаева. Мониторинг балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және балалармен жеке жұмыс жүргізуде педагогтың алдағы іс- әрекетін айқындауға мүмкіндік береді. Әр диагностика қателіктерін бақылау парағында білім беру сапасы бойынша толтырамыз. Бақылау парағында алған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «түзету іс- шаралары» бөлімнің диагностикалық қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар толтырады.

2.Тыңдалды: Топ бөлмелерін, балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы меңгеруші М.Ахмедиева айтты. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы табиғат бұрыштары әр топтың білім беру ұйымындағы ажырамас бөлігі болып табылады. Біз мұны балаларды сыртқы әлеммен таныстыру , табиғат бұрышының көмегімен балаларды онымен үнемі тікелей байланыстыруға тарту маңызды деп санаймыз. Табиғаттың жақсы жабдықталған және жақсы орнастырылған бұрышы топ бөлмесін безендіреді. Балаларға ләззат береді қызықты бақылаулар жүргізуге тал бойына өсімдіктерге қамқорлық жасауға мүмкіндік береді. Ендеше қазір өте қолайлы кезең топтағы гүлдерді көбейтіп, табиғат бұрышын толықтыруға. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға да ықпалы зор. Топ бөлмелерін көгалдандыру жұмыстарын қолға алыңыздар. Сонымен қатар балабақша ауласын да көгалдандыру жұмыстарын да бастап жібердік. Дұрыс ұйымдастырылған және жақсы көгалдандырылған учаскі балалар бақшасындағы оқу – тәрбие міндеттерін іске асырудағы ең қажетті база болып табылады. Жер учаскісі көгалдандырылуы және балалар ондағы өсімдіктерді өсіруге оларды бақылауға күнбе –күн қатыса алатындай болып ұйымдастырылуы тиіс. Сондықтан әр жастағы балалар топтарының гүлдік декоративтік, жемістік және көкөністік өсімдіктер, сондай ақ балалар ойнай алатындай шөп те болу керек. Көгалдандыруға кіріспей тұрып, учаскіні қоқыстан және тастардан тазартып алу керек , барлық топтар үшін оған өсімдіктерді орналастыру жоспарын жасау керек.

Сөйлегендер: тәрбиеші А.Ускенбаева учаскіде балаларды табиғаттың маусымдық құбылыстармен таныстырамыз, өсімдіктердің өсіп жетілуін бақылаймыз. Жануарлардың қылықтарын бақылауды ұйымдастырамыз. Осының бәрі балалардың дүние танымын едәуір кеңейтіп өздерін қоршаған өмір туралы білімдерін байытады, оларды табиғатқа аялай қарауға және ондағы сұлулықты көре білуге тәрбиелейді.

3.Тыңдалды: Меңгеруші М.Ахмедиева өткен мерекелердің қортындысы туралы айтты. Балабақшаның жылдық жоспарына сай 8- наурыз және наурыз мерекелік іс- шаралардың жоспары түзіліп ертеңгіліктер өтті. 4-7 наурыз күндері аралығында «Мерекенмен анашым!» тақырыбында іс- шара өтті. Ересек және ортаңғы топтардың дайындығы жақсы. Наурыз мерекесі жөнінде айтар болсам күн мен түн теңелген көктемнің шуақты мерекесі наурыз мейрамына балабақша бүлдіршіндері айрықша әзірленген. Бұл жерде де ересек тобын ерекше айтып өткім келеді. Балалар тапқак айтып ән салды, би биледі. Кішкентай бүлдіршіндер ою өрнек тігілген, көздің жауын алатын киімдерді киіп, «Қамажай», «Мен қазақтың баласы», «Шылдырмақ», «Қуыршақтар», «Қара жорға» биін билеп, ән салып ұлттық ойындар қол күрес, арқан тартыстан өнерлерін көрсетіп бізді қуантты іс- шара жақсы өтті.

Сөйлегендер: тәрбиеші Г.Шылғаубаева. Наурыз көнеден келе жатқан мереке. Бұл мерекені балабақшадан атап өтудегі басты мақсат салт-дәстүр наурыз құндылықтарын дәріптеу. Бұл бала тәрбиесіндегі басты қағида. Бұл мерекелік шараны ұйымдастырудан ата-аналардың үлесі зор.

Тәрбиеші Г.Султанова ересек «Балбөбек» тобының дайындығы жақсы болған. Балалар да тәрбиешілер де өздерін еркін сезініп өз өнерлерін көрсетті

4.Тыңдалды: «Серуен кезіндегі түрлі ойын әрекеттерінің ұйымдастырылуы» салыстыру тексерудің қортындысы бойынша меңгеруші М.Ахмедиева айтып өтті. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сай барлық топтарда «Серуен кезіндегі түрлі ойын элементтерінің ұйымдастырылуы тақырыбында салыстыру тексеру жүргізілген болатын.

Мақсаты: балабақшада қарапайым жағдайда организмді шынықтыру балаңыз физиологиялық даму-деңгейін қимыл белсенділігін арттыру танымдық көркемдік эстетикалық әлеуметтік тұлғалық дамуына ықпал ету жағдайына бақылау жасау. Балабақшада серуенді ұйымдастыру жұмыстары балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеуді. Балалар күнделікті табиғатпен және жаңалықтармен кездеседі. Серуеннің ең – негізгі бөлімі ойын. Ал балаларды серуенге шығаруда ең кемінде үш ойын ойналу керек. Ең бастысы серуеннен әрбір компонентті балалардың дене тәрбиесінің дамуына денсаулықтарын шыңдауға сонымен қатар көңіл күйлерін көтеруге әсерін тигізеді. Тексеру нәтижесінде ойын әрекетін ұйымдастыруға арналған құралдардың қауіпсіздігі саны, ойыншық бала жасына жыл мезгіліне сәйкестігі, жағдайдың жасалуы н серуеннің ұзақтығы балалардың ойындағы қызығушылығы ойнаушылардың араласу мінез құлықтары бақыланды. Ересек тобындағы тексеру қортындысы серуен барысында толық жоспар бойынша жұмыс атқарылды. Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды. Балаларға ойын құралдары жнтпей қалды. Ұсыныс ойын құралдарының саны жеткілікті болу керек. Ересек тобы жалпы топ таза ауада қимылды ойындар ойнайды. Серуен барысында толық жоспар бойынша жұмыс атқарылған жоқ. Баланың ойынына деген жағдай толық жасалмады. Ұсыныс: жоспар бойынша жұмыс жүгізу, жеке баламен жұмыс жүргізу.

5.Тыңдалды: Мамыр мерекелерінің іс- шара жоспарлары туралы меңгеруші М.Ахмедиева сөз алды. Балалармен өткізілетін ертеңгіліктер балабақшадағы маңызды іс – шаралардың бірі. Ертеңгілікті жоспарлағанда әр педагогтың алдында ертеңгілікті қалай йымдастырамын деген сұрақ туындайды. Бұл іс- шараның жағымды жағы бала күнделікті көріп жүргендерінен бөлек басқа бір мерекелік безендіруден, ғажайып әлемде әдемі кйініп, кейіпкер бейнесіне еніп, тап болғандай сезімде болады. Ертеңгілікте барлық бала қамтылуы керек.

Сөйлегендер: Балабақша әдіскері Н.Тотанова мерекелік іс- шараны тәрбиешілер аналармен бірлесе отырып жоспарлаймыз. Алдын –ала дайындық кестесі құрылып, ән, би, көріністерге байланысты костюмдері жайлы ата аналарға тапсырмалар беріледі.

Тәрбиеші Г.Султанова Мерекелік іс- шараларға дайындық кезінде ,балаларға мерке жайлы түсіндіріліп, суреттер көрсетіліп өз тәжірибесіде көгендерін сурап қызықтыру жұмыстары жүргізіледі.

ШЕШІМ:

- 1.Топ бөлмелерін,балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілсін.
- 2.Өткен мерекелердің іс- шараларының қортындысы бойынша айтылған ұсыныстар мен кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілсін
- 3.Салыстыру тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыс жүргізілсін.
- 4.Мамыр мерекелерінің жоспары түзіліп бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева

Г.Санаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №5

20.05.2024 ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Өткен іс шараларды талдау
3. «Топтың бағдарламаны игеру деңгейі» (**қорытынды мониторинг қорытындысы**)
4. «Қош бол балабақша!» мерекесінің іс- шарасының жоспарын талдау
5. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту
6. «Тәрбиешілер мен педагогтардың диагностикасы».(**жан-жақты тексерудің қорытындысы**)

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды: Құрметті әріптестер бүгінгі ьжиналысымда өткен кеңестің шешімдерінің орындалуынан бастайық. Өткен кеңестің шешімдерінің бірі топ бөлмелерін балабақша ауласын, көгалдандыру жұмыстары туралы болатын. Тәрбиешілер топтағы гүлдерін көбейтіп балабақша ауласына петунья гүлдері, ағаштар егілді. Енді осы егілген гүлдерді күтіп баптауымыз керек. Балаларға жасыл аула силаумен қатар гүл мәдениетін олардың бойына сіңіріп, қоршаған ортаны сүюге баулуймыз. Салыстыру тексеру барысында анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді.

2.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева 1 мамыр –Бірлік күні, 7 мамыр- Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай өткізілген ертеңгіліктерінің іс-шара жоспарларын талдау туралы сөз алды. Ол өз сөзінде өткізілген іс шаралар өз деңгейінде өтті. Барлық топтар ертеңгіліктерінде жоғары деңгейді өткізді. Ата-аналар келіп балабақша ұжымына алғыстарын білдірді.

3.Тыңдалды:

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Н.Тотанова қорытынды мониторинг нәтижесі туралы айтып өтті. Әрбір жас тобында балалардың жетістіктері объективті қадағалауға мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге педагогтердің түзету іс шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейінің айқындауға мүмкіндік беретін мониторинг қорытындысы жүргізілді.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері орташа деңгейде болды. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың спорттық ойындардың элементтерін білуі, спорттық жаттығуларды орындау техникасын меңгеруі, орташа таңертеңгілік гимнастикаға дейін қызығушылығы бар екендігі байқалды. Балалардың көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс тұрыс ережелері туралы білім орташа деңгейде қалыптасқан. «Коммуникативтік» білім беру дағдысын өткізу кезінде оқу жылы ішінде әрбір бөлім бойынша, МД тәрбие мен оқытудың үлгілілік оқытудың бағдарламасының талаптарына сәйкес коммуникативтік-тілдік дағдаларды қалыптастыру міндеттері жоспарлы түрде шешілді. Мониторинг нәтижелерпі бойынша «Таным» дағдысы оқу бағдаламасын меңгеру деңгейі жақсы құрады. «Шығармашылық» дағдысы көрсеткіші жақсы. Балалар түстерді айырады, кеңістікті бағдарлай отырып сурет салады. Қолдың ұсақ маторикасын дамыту жұмыстары тиісті дәрежеде жүргізілуде. Әсіресе ересек топтарда «Әлеумет» дағдысы бойыншада ортадан

жоғары көрсеткіші жоғары. Алайда әледе балалармен жұмытар жалғастыру қажет. Келесі оқу жылында жаңаша қарқынды жұмыс жүргіземіз деген ойдамын.

4. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева «Қош бол балабақша!» мерекесінің іс-шарасының жоспарын талдау туралы айтты. 2023 жылдың 31 мамыр күні Мад «Қарлығаш» тобы «Қош бол балабақшам!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізіп, жоспарын құруды балабақша әдіскері Н.Тотанова міндеттеп педагогтармен талдады. Іс-шара барысында балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуді балабақша педагогтарына міндеттеді.

5. Тыңдалды: Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту туралы балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева айтып өтті. жазғы сауықтыру іс-шара жоспары төмендегіше құрылып жұмыстар жүргізілсін.

Жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспары

р/с	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Балалармен оқу тәрбие үдерісін ұйымдастыру а) Балабақшаны жазғы маусым жұмыс кестесіне ауыстыру. ә) Жазғы сабақ кестесін бекіту. б) Жазғы сауықтыру іс-шаралары кезіндегі қызметкерлердің негізгі міндеттерін белгілеу	V	Меңгеруші М.Ахмедиева
2	Балаларды шынықтыру а) Ауа және күн ваннасын қабылдау ә) Жалаң аяқ құм үстінде жүру б) Бассейнде шомылу в) Қимылды ойындар г) Сулы шүберекпен денені ысқылау	VI VII	Тәрбиешілер Мейір бике А.Аман
3	Балаларды еңбекке баулу а) Ауладағы гүлдерді күтіп баптау, топтағы бөлме гүлдеріне су құю, күтім жасау ә) Табиғат бұрышындағы құстарға, балықтарға, жем беру. б) Топтағы ойыншықтарды жуып, күтіп ұстау, кезекшілік етуге үйрету в) аулада, топта тазалық сақтау	VII VIII	Әдіскер Н.Тотанова Тәрбиешілер Мейір бике А.Аман Тәрбиешілер Мейір бике А.Аман Тәрбиешілер Мейір бике А.Аман
4	Мерекелер а) Спорттық мерекелер. ә) 1-Маусым Балаларды қорғау күніне ертегілер, ойын-	VII VI	Тәрбиешілер Мейір бике

